

Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 268 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 31 тамызда № 3518 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 459 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 13.12.2018 № 459 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). Р Қ А О - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Шу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Шу аудан әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі "Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" № 218 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 3071 болып тіркелген, 2016 жылдың 1 маусымында "Шу өңірі" газетінде, 2016 жылдың 30 мамырында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Сегізбайұлы Жақсыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" Шу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 268 қаулысына келісім парағы
"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс,
жолаушылар көлігі және автомобиль
жолдары басқармасының басшысы

Ә. Ахатаев

04.08. 2017 жыл

Шу ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 28 шілдедегі № 268
қаулысына қосымша

Шу ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№	Автомобиль жолдары		Ұзақтығы (шақырым)
	Индекс	Атауы	
1.	КН-ШН-1	Абай ауылына кіреберіс (0-11,0)	11,0
2.	КН-ШН-2	Тасөткел ауылына кіреберіс (0-3,0)	3,0
3.	КН-ШН-3	Бірлік ауылына кіреберіс (0-3,5)	3,5
4.	КН-ШН-4	Бәйдібек ауылына кіреберіс (0-1,0)	1,0
5.	КН-ШН-5	Сауытбек ауылына кіреберіс (0-8,1)	8,1
6.	КН-ШН-6	Еңбек ауылына кіреберіс (0-2,6)	2,6
7.	КН-ШН-7	Тасөткел су қоймасына кіреберіс (0-6,5)	6,5
8.	КН-ШН-8	Жайсан ауылына кіреберіс (0-4,5)	4,5
9.	КН-ШН-9	Далақайнар ауылына кіреберіс (0-2,0)	2,0
10.	КН-ШН-10	Еңбекші ауылына кіреберіс (0-2,2)	2,2
11.	КН-ШН-11	Аспара ауылына кіреберіс (0-1,7)	1,7
12.	КН-ШН-12	Ақтөбе ауылына кіреберіс (0-0,9)	0,9
13.	КН-ШН-13	Төле би ауылына кіреберіс (0-1,6)	1,6
14.	КН-ШН-14	Балуан Шолақ ауылына кіреберіс (0-6,5)	6,5
15.	КН-ШН-15	Бөлтірік ауылына кіреберіс (0-5,0)	5,0
16.	КН-ШН-16	Шоқпар-Бел бекеті (0-30,0)	30,0
17.	КН-ШН-17	Балуан Шолақ-Жиделі (0-17,3)	17,3
18.	КН-ШН-18	Көкқайнар – Оразалы батыр (0-8,7)	8,7
19.	КН-ШН-19	Оразалы батыр – Ақсу (0-15,5)	15,5
20.	КН-ШН-20	Жаңажол-Белбасар (0-11,8)	11,8
21.	КН-ШН-21	Еспе ауылына кіре беріс (0-3,6)	3,6
22.	КН-ШН-22	Қайрат Рысқұлбеков ауылына кіре беріс (0-0,8)	0,8
		Барлығы:	147,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК